



Ашық сабақтың тақырыбы:

*Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
тәртіптік жарғысы.*









Сабақтың мақсаты мен міндеттері:

- ҚР ҚК заңдары мен жарғылары туралы мәлімет беру.
- Қазақстанды мақтан тұтатын, оның халқына адал болатын оның ҚК құрметтейтін, қазақстандық патриот бола алатын, Отан қорғау міндетіне дайын азаматты қалыптастыру.

. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Жалпы әскери жарғыларды айтып беріңіздер?
2. Жауынгерлер мен матростар құрамына кімдер жатады?
3. Сержанттармен старшиналарға кімдер жатады?
4. Аға офицер құрамына кімдер кіреді?
5. Кіші офицер құрамына кімдер кіреді?
6. Жоғары офицер құрамына кімдер кіреді?
7. Тәуліктік кезекші құрамына кімдер кіреді?
8. Рота бойынша кезекші міндетін айтыңыз?

I-бөлімше:	II-бөлімше:	III-бөлімше:
1. Әскери тәртіп дегеніміз не?	1. Жауынгерлер (матростар) мен сержанттарға (старшиналарға) қолданылатын көтермелеулер.	1. Тәртіптік жазалар.
2. Әскери тәртіптің міндеті мен тәрбиелеу әдісі.	2. Әскери қызметті келісім шарт бойынша жауынгерлер (матростар) мен сержанттар (старшиналар) лауазымында өткеруші әскери қызметшілерге қолданылатын көтермелеулер түрлері.	2. Жауынгерлер (матростар) мен сержанттарға (старшиналарға) қолданылатын тәртіптік жазалар.
3. Қазақстан Республикасының мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге қолданылатын көтермелеулер.	3. Көтермелеулердің жариялану реттері.	3. Тәртіптік жазаның атқарулуы және жариялануы.



- Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр.
- Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.
- Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін республика – Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.
- Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенімболуы керек.

Н.Ә.Назарбаев



- Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың.
- Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.
- Сабырлылық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.
- Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын
- Отан үшін отқа түс күймейсің.

Бауыржан Момышұлы



- Тауды биік демендер,
- Талаптансаң шығарсың.
- Жауды мықты демендер,
- Ерлік қылсаң жығарсың.

Н.Байғанин

Жауды төмен санасаң – басқа шығар:
Жай қалдырсаң елемей аз жауыңды –
Жаулар елді, шағып бір күн тауыңды.

М.Қашқари

- Сауыт күші – қылышпен қылшылдатып ұрғанда,
- Аттың күші – жігітті алып шығып тұрғанда.

• Қорқыт.

Әскери жарғылар

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілде №364 жарлығымен бекітілген
- ҚР Президентінің 27 қараша 1998жылғы №4156 жарлығының күші жойылды.

Әскери тәртіп дегеніміз не?

Барлық әскери қызметшілердің ҚР Конституциясы мен заңдарында, әскери жарғылар мен командирлердің бұйрықтарында белгіленген тәртіп пен ережелерді, сондай-ақ әскери қызметшілердің арасындағы мінез-құлық және өзара қарым-қатынас нормаларын қатаң және дәл сақтау.

Әскери тәртіп неге негізделеді.

- әрбір әскери қызметшінің өзінің әскери борышын және өзінің Отанын қорғауға деген жеке жауапкершілігін, өз халқына шексіз берілгендігін жоғары сезінуіне

Әскери тәртіп нені міндеттейді.

- әрбір әскери қызметшіге өзінің әскери борышын адал атқаруды

Жауынгерлер (матростар) мен сержанттарға қолданылатын көтермелеулер.

- а) бұрын қолданылған тәртіптік жазаны алып тастау;
- ә) алғыс жариялау;
- б) әскери бөлімнің тұрған жерінен 2тәулікке дейін сейілдемеге рұқсат беру;
- в) бұрынғы жұмыс (оқу) орына әскери борышын үлгілі орындағаны туралы және алған көтермелеулері туралы хабарлау;
- г) грамоталармен, бағалы сыйлықтармен немесе ақшалай марапаттау;
- ғ) әскери қызметшінің әскери бөлімнің кең жазылған жауынгерлік тудың жанында түскен жеке фотосуретімен марапаттау;
- д) жауынгерлерге (матростарға) ефрейтор (аға матрос) атағын беру;
- е) сержанттарға иеленген штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атағынан бір саты жоғары кезекті әскери атақ беру;
- ж) омырауға тағатын ҚР ҚК-інің үздігі белгісімен марапаттау;
- з) әскери бөлімнің Құрмет кітабына енгізу;
- и) 10 тәулікке дейін қысқа мерзімді демалыс беру, бару қайту жолындағы уақытты есептемегенде

Тәртіптік жазалар қолданылады.

- әскери қызметшілерге қызмет бойынша бастықтың билігімен қолданылатын жаза. Ол әскери қызметшілерге әскери тәртіп пен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін .

Жауынгерлер мен сержанттарға мынадай жазалар қолданылады

- а) сөгіс;
- ә) қатаң сөгіс;
- б) кезекті сейілдемеден айыру;
- в) жауынгерлерді (матростарды) 5 нарядқа дейін тағайындау;
- г) омырауға тағатын «ҚР ҚК-нің үздігі» белгісінен айыру;
- ғ) жауынгерлерді (матростарды) «ефрейтор» («аға матрос») әскери атағынан айыру;
- д) гауптвахтада ұстай отырып қамау: жауынгерлерді (матростарды) - 10 тәулікке дейін, сержанттарды – 7 тәулікке дейін;
- е) сержанттардың лауазымын төмендету;
- ж) сержанттардың әскери атағын бір сатыға төмендету;
- з) сержанттардың әскери атағын төмен лауазымға көшіре отырып, бір дәрежеге төмендету.

ТҮЙІМ салынады.

- Командирлерге олардың бағыныштыларының алдында тәртіптік жазаларды жариялауға

ҚЫЗМЕТТІК карточка

(әскери бөлім, мекеме, бөлімше)

1.Лауазымы _____

2.Әскери атағы _____

3.Тегі, аты, әкесінің аты _____

4.Әскери қызметте қай жылдан бастап _____

КӨТЕРМЕЛЕУ

НЕ ҮШІН	Көтермелеу түрі	Қашан қолданылды (бұйрықтың шыққан күні мен №)	Кім көтермеледі	Оған қатысты көтермелеу қолданылған адамның қолы
Мүлтіксіз қызметі үшін және Отан қорғаушылар күні құрметіне	Бұрын қолданылған жазаны алып тастау	2013 ж.7.04.	12345 ә/б командирі	м-р Ыбраев 2013ж 10.04
				Жарияланған көтермелеулермен таныстым
				м-р Ыбраев 2013ж 12.09

Жазалар

Теріс қылықтың қысқаша сипаттамасы	Теріс қылық қашан жасалды	Жазаның түрі	Қашан қолданылады (бұйрықтың шыққан күні мен №	Жазаны кім берді	Қашан алынды (кім немесе мерізімін ің өтуі бойынша)	Оған қатысты жаза қолданылған адамның қолы
Қызметке кешігу	2013ж 8.02	Сөгіс	2013ж.10.02	12345 ә/б командирі		м р Ыбраев 2013ж 12.02
Қолданылған жазалармен таныстым					М-р Ыбраев 2013ж30.03.	

Үйге тапсырма беру:

- 2-Тарау: §5,6
- Әскери тәртіп дегеніміз не?
- Әскери тәртіп әскери қызметшіге нені міндеттейді?
- Көтермелеу мен жазалардың қандай түрлері болады?
- Жауынгерлерге (матростарға) көтермелеу қолданудың реті қандай?
- Тәртіптік жазаны орындау мен белгілеудің реті қандай?

Сабақты талдау, оқушыларды бағалау:

- «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де ол сондай қажет.»

Н.Ә.Назарбаев



*Назарларыңызға
рахмет!!!*